

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызметтерді сатудан алынатын түсімдерді пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1448.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызметтерді сатудан алынатын түсімдерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1448 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының
мамандандырылған күзет бөлімшелерінің мемлекеттік
мекемелері ұсынатын қызметтерді сатудан
алынатын түсімдерді пайдалану
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі - мамандандырылған күзет бөлімшелері) қызметтерді сатудан алынатын түсімдерді пайдалану тәртібін белгілейді.

**2. Қызметтерді сатудан алынатын түсімдерді
пайдалану тәртібі**

2. Мамандандырылған күзет бөлімшелерінің ақылы қызметтерді сатудан алатын қаражаты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің органдарында ашылған, мамандандырылған күзет бөлімшелерінің мемлекеттік мекемелерінің "Ақылы қызметтерден түскен қаражат" ағымдағы шоттарына есептеледі және осы Ереженің 4-тармағына сәйкес мақсатты пайдалану бойынша қатаң жұмсалады

3. Ақылы қызметтерді сатудан алынатын қаражатты жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен кіріс жоспарлары мен шығыстарды қаржыландыру жасалады және бекітіледі.

4. Мамандандырылған күзет бөлімшелері ұсынатын ақылы қызметтерді сатудан алынатын түсімдер:

лауазымдық жалақыны; арнайы атағы үшін қосымша ақыны; сыныптық біліктілігі үшін; қызметті өткерудегі ерекше жағдайлар үшін үстемені; экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін қосымша ақыны; демалыс ақысын; пайдаланылмаған демалысы үшін берілетін өтемақыны; жалақыдағы айырмашылықты; лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақыны; түнгі уақыттағы, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін ақыны қамтитын негізгі жалақыны төлеуге;

мамандандырылған күзет бөлімшелерін смета бойынша ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен басшының шешімі бойынша материалдық көмекке, сыйақыға және өзге де ынталандыруға арналған төлемдерге; мерзімнен тыс жұмыс уақытының ақысына;

сауықтыру үшін жәрдемақыға; қызметтік ауысулар кезінде берілетін көтерме жәрдемақыға; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өтемақыға; мамандандырылған күзет бөлімшелерінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде қайтыс болған (өлген) немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеуге; жұмыстан босатылған кездегі біржолғы жәрдемақыға; арнайы атақтары жоқ қызметкерлердің еңбек жағдайларына берілетін қосымша ақы мен үстемеге;

мамандандырылған күзет бөлімшелері қызметкерлерінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналарына;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге;

автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жарналарына;

азық-түлік тағамдарын сатып алуға;

дәрі-дәрмектерді және басқа да медициналық мақсаттағы құралдарды сатып алуға;

заттық мүліктерді және басқа да нысанды әрі арнайы киім-кешекті сатып алуға, тігуге және жөндеуге;

қызметтік іс-сапарларға;

үй-жайды және жабдықтарды жалға алу ақысына;

бірлігінің құны 40 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарларды сатып алуға;

коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге;

көлік қызметтеріне ақы төлеуге;

үйлерді, ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстауға, оларға қызмет көрсетуге, ағымдағы және күрделі жөндеуге;

заңды және жеке тұлғалар шарт бойынша көрсететін қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге, банктік қызметтерге ақы төлеуге; оқу шығыстарына;

мамандандырылған күзет бөлімшелерінің қайтыс болған немесе қаза тапқан қызметкерлерін жерлеуге арналған шығындарға; айыппұлдарға, тұрақсыздық айыппұлдарына; мәдени, спорттық және басқа да іс-шаралар жеңімпаздары мен қатысушыларына сыйлықтар, естелік сыйлықтар және ақшалай сыйлықтар беруге; автокөлік құралдарының міндетті техникалық тексерулеріне; заң қызметтерін көрсетулерге;

мамандандырылған күзет бөлімшелері қызметкерлерінің үйлерін ұстауға және коммуналдық қызметтерге өтемақы төлеуге; жұмысшылар мен қызметшілерге өздерінің еңбек міндеттерін орындауға байланысты болған мерткікен не денсаулығының өзге де зақымдануына келтірген шығындарды өтеуге; заңды және жеке тұлғалар күзететін мамандандырылған күзет бөлімшелерінің кінәсінен жол берілген ұрлықтарға байланысты шығындарды өтеуге;

бірлігінің құны 40 есе айлық есептік көрсеткіштен асатын өзге де тауарларды, соның ішінде автокөлік, қару-жарақ, арнайы мақсаттағы құралдарды, байланыс құралдарын - стационарлық, ұтқыр және тасымалды радиостанцияларды сатып алуға; күзетке қатысты жануарларды ұстауға пайдаланылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1115 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Ақылы қызметтерді сатудан түсетін қаражатты есепке алу және олардың пайдаланылуы туралы есеп беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.